

Үш анық

Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді. Біліп жаратушы – тәңірі, өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керектісі – ұждан. Ұждан дегеніміз – нысап, әділет, мейірім.

Сөз басы

Келді, кетті,
Толды, солды,
Өзгеленді бұл әлем.
Туды, өлді,
Жанды, сөнді,
Өршіп өнді қайтадан.

Дөңгеленткен,
Өңгеленткен
Білімсіз күш – күш пе екен?
Тіпті мінсіз,
Кемшіліксіз
Есті қылған іс пе екен?

Жан деген не,
Мүлде өле ме,
Семіп о да сөне ме?
Жоғары өрлеп,
Дене жөн деп,
Жаныңмын деп келе ме?

Осы дүниедегі кішкентай, көзге ілінбейтін жандардан бастап, адамдарға шейін бәрі өзі хәм нәсілдерінің жақсылығын бөліп, өсіп-өнуге қам қылады. Мұны «барлық таласы» дейді. Бұл – жаратылыстың берік жолы. Сондықтан барша адам шамасына қарай жақсылық, бақыт іздейді.

Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі – дене өлсе де, жан өлмейді, жоғалмайды; өлгеннен кейін де осы күнгі тіршілікке мүлде ұқсамайтын бір түрлі тіршілік өмір бар; сондықтан адамдар жалғыз ғана дүние тіршілігін ойламай, сол соңғы дүние өмірінде де жақсы, бақытты болудың қамын ойлай білуі керек дейді. Мұны ақырет дейді, өлгеннен соңғы өмір жолы дейді.

Енді бір жол – бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай деп жаратқан ие жоқ хәм өлгеннен соң да тірілетін жан жоқ дейді.

Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу – ақылы сау адамға қатты міндет.

Сол жүйеден барша адамды бақытқа жеткізуді ойласақ, біліп жаратушы ие бар, өлгеннен соң бір түрлі өмір бар дегеннің шын-өтірігін білу керек. Егер шын болса, соның қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, мұбада өтірік болса, оған да әуреленбей-ақ жалғыз осы дүниенің қамын қылу үшін, оны

тексеру үшін әртүрлі діндер жинап, әртүрлі ғылым жинап, әртүрлі білімділердің ол туралы жазған кітап, айтқан сөздерінен хабары болу керек. Өте-мөте қатты бір керек шарты – өзінің ұстаған дінін оқыған, ұғынған қалпынан асырып алмай, «пәленшекең, жақсы кісі айтыпты» деп сеніп қалмай, біржола сол ұғымға байланып қалмай, өз ақылына әбден айқын бола алатынын шындыққа сүйеніп тұрып, сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөздерін сынау керек. Әйтпесе адам әдет-ғұрып, ақылдан шыға алмай, арқандаулы ат сияқты болады. Және өзінің мынау жөн дегенін халық алдына салған дұрыс. Неге десен, қайбір іс болса да, әбден сыналып, тазарған соң шындық ашылады. Ал екі жолдың қайдан шыққанын тексерсең, адамдардың іздеуі және барша әлемдегі нәрселер қайдан пайда болған, кім жаратқан деген ойдан шыққан. Неге десен, адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды. Және адам баласы жаңалық бір нәрсе көре қалса, оны кім жасады екен, әрі не үшін керек демей тұра алмайды. Сондықтан жаратушыны іздеген әркім әр түрлі ой жүргізеді.

Тіпті ескі замандағы адамдар да жаратушы туралы әр алуан топшылау ой жүргізген. Олар о баста бір нәрсенің өзіндік ерекшелігіне қарап, осында жаратушының қасиеті бар деп, күн, ай, от, ағаш, асыл тас сияқты нәрселерге табынған. Немесе әр алуан жаратушы бар ғой деген оймен бірнеше сурет салып, соған да табынған, онымен де тұрмай, әдетте сау адамның істей бермейтін істерін де істеген: алдамшы, жәдігөй, бақсы, балгер, дуана сияқтыларды да тәңірінің орынбасары болар деп, сондайларға да табынған.

Сүйтіп соқыр кісідей сандалып жүргенде пайғамбар деген шығып, «барлықтың (не нәрсенің) бәрін жаратқан ие бар, өлгеннен кейін болатын бір тіршілік бар, осы өмірде қылған ісіңе қарай, ол өмірде өлшеусіз бақ, қиын азап бар; мұны бізге сол жаратушы ие білдірді де, сіздерге ұқтыруға бұйырды маған» деген.

Ол кездегі адамдардың бірқатары бұған нанса да, бірқатары нана алмай, бұрынғы қалыптасқан әдеттерінен шыға алмаған.

Енді бізге біліп жаратушы ие жоқ, өлгеннен соң өмір жоқ дейтін ойдың түбінде осы барлық адам неден бар болды деген ойлаудың жемісі екендігі төмендегі сөзден мәлім болады.

Ескі заманның білімділері әр нәрсенің түп негізі неден жаралды дей отырып, яғни жаралысты тексере келіп, тамам нәрсенің түп негізі төрт түрлі нәрседен деп білген. Олар: от, су, топырақ, ауа. Одан кейін замандар өте келе әлденеше жүргізілген зерттеулер арқылы түп негізді таба-таба, байымдай жүріп, жақынғы заманда барлық нәрсенің түп негізі 80 шамалы нәрсе екенін аңғарды. Сүйтіп білгірлер әр дененің көзге көрінбейтін құраулардан қосылып, құралғанын таба білді. «Адам өлген соң дененің барша құраулары шіріп, бытырып, шашырап, әрқайсысы өз атомдарына қосылып, ұсақ бөлшектеніп кетеді де, жан деген біржолата жоғалады. Сондықтан өлген нәрседе қайта тірілу жоқ» дейді.

Жақын кезде шыққан бір кітаптарда Еуропаның осы кездегі білімділері атомды электр қуатымен әлденеше бөліп, сол ұсақтың атын электрон қойсын дейді. Осы бір майда бөлшектің аты арабша да болса керек еді. Жақында бір оқыған кітабымда мұны «қиқатул камара байбаз» депті. Мағынасы «электр талқаны-ау» деймін. Мұндай болғанда, атомдар да бөлінетін болғаны ғой. Ал осы кездегі білімділер жоғарыда аталған 80 шамалы ұсақ негіздің бәрінің түп

негізі бір ғана нұр деп жүр дейді. Олай болса, барлық әлемнің түп негізі нұр болғаны да. Нұр жарық қой. Күн жерден бір миллион үш жүз есе үлкен. Жер мен күннің арасы 140 миллион шақырым. Нұр күннен, оттан шықса да, жан-жағына күлтеленіп шығады. Нұр секундына 280 шақырым жүреді. Күннің нұры жерге 8 минут 18 секундта келіп жетеді. Күннен алыс кейбір планета жұлдызының нұры жерге үш жылда жететіні бар. Тіпті онан алыстағы аспан денесінің нұры жерге бір мың жылдай уақытта әзер жететіні бар. Нұрдың жүзін орысша Юпитер, қазақша Мұштари деген планетаның [...] төрт жолдасының Юпитер айналғанда 12 жылға жақын мезгілде бір айналып шығатыны бар.

Бұл нұрдың жайын жазғандағы мақсатым мынау: нұр өздігінен пайда болмаған, бір нәрседен шығатын нәрсе, оның да үнемі қозғалыста болып тұратыны есте болсын. Және бәрімізге барлық әлемнің ұшы-қиыры жоқ зор екені белгілі. Осы үлкен әлемге қарағанда, бізге білінбегендерінің есеп-қисабын өлшеуге келмейтіні оқушының ойында болсын. Жоғарыда айтылған барлықтың барлығы өздігінен жаралып жатыр, оны былай деп жаратқан ие жоқ дейтін болжам әлдеқашаннан айтылып келе жатса да, әсіресе XVII-XVIII-XIX ғасырлардың аяқ шеніне дейін Европаға көбірек жайылды. Олардың дәлелділерінің негізі жоғарыда азырақ айтылып еді. Солай бола тұрса да, тағы да біз білген дәлелдердің күштірек дегендерін қайта атап өтейін.

I дәлел: ҚАЙТА АЙНАЛЫС ЖОЛЫ

Барлық нәрсенің түп себебі бұрыннан бар қуатты дене [...]. Бұл нәрсені заряд дейді. Қаншалық ұсақтаса, ақырында тіпті бөлшектеуге келмейтін болады. Сол бөлуге келмейтін түп негіздердің атын европаша атом дейді. Арабша мадда немесе әсер деп атайды. (Біздің қазақ тілінде атауы жоқ болғандықтан мен бұл кітапта атомды мадда, я атом деп атадым).

Сүйтіп сол барша нәрсе сол 80 шамалы атомдардың бір-біріне қосылғанынан дене жасалып, әлденеше түрге бөлініп, бірінен-бірі өршіп, жаралып жатқанын тапқан. Мұны алғашқы тапқан Юнан (грек) жұртының Пифагорс деген білімдісі. Кейінгі біреулердің айтуына қарағанда, Пифагорсты Финикия жұртынан үйренді дейді. Ондай болса, алғаш табушы Финикияның Сит деген қаласынан шыққан Мусхус деген адамы болады. Мейлі, кім бұрын тапса да, бұл атомды басында оның не нәрседен жаралғанын, не іске жарауын білу үшін іздестірудің жемісі деп білу керек. Кейін гректің Апигорс, Демократис деген білімділері сол атомды дәлел қылып, барлық әлем сол атомнан өршіп-өніп, оны былай етейінші деп біліп жаратқан ие жоқ дейтін бір жолға негіз салды.

Араб жұртының патсалығы зорайып, көп елді қол астына қаратқан Аббас тұқымы патса болған кезде Юнан білімділерінің жазған кітаптарын араб тіліне көшіргенде осы атом туралы сөз араб тіліне аударылып еді. Соған байланысты кейінірек мұсылман ғұламаларының арасында «осы дәлел бұрыннан бар ма, соңынан жаралды ма» деген даудың енуіне, мінеки, осы атом ұғымының пайда болуы себеп болды.

Соңғы кезде Европаның Гасти, Дикрит, Ньютон, Ниптон, Юнг сияқты ойшылдары бұрынғы Апигорс, Демократистардан қалған «жаратушы ие жоқ» деген жолды қайта жаңғыртып, Европа арасында сол дәлел пайда болды. Бұл ойшылдардың дәлелдеуінше, әр нәрседі бірін-бірі тартатын қуат барлығы, оны

орысша «притяжение» дейтіні, ал арабша «тажарлық» деп атайтыны, мұны алғаш тапқан Англияның Исаак Ньютон деген ойшылы екені айтылады. Бұл түйінді XVII ғасырда ұлы ойшыл Карде алманың үзіліп жерге түскеніне қарап ойлап тапқан көрінеді. Ал біліп жаратушы ие жоқ дегенді ұғымдырақ етіп айтсақ, әлемдегі не нәрсенің түп негізі 80 шамалы атом, солар біріне-бірі тартылыс қуаты заңымен қосылып, дене жасап, бірінен-біріне өтіп, өніп я өзгеріп жатыр, оны былай етейін деп, әрқайсысын әр бөлек жаратып басқарған ие жоқ. Сондай-ақ жан деген өз алдына бір нәрсе емес, сол атомдардан жаралған денелердің қозғалысы өзгерістерінен шыққан бір сипат қана. Не нәрсені өсіріп, өндіретін сол. Дүниеде ешбір зат жоғалмайды, бірақ өзгереді. Бар планета (жер, ай, күн) болсын, басында газ түтіні сияқты бір жалын болып тұрған, тіпті кейін көп уақыт өте келе әлгі жалын болып тұрған нәрсе сұйық болып көлкіген. Одан соң тағы көп уақыт өте келе салқындаған, қатты денеге айналған. Осылардың нақ мысалы қазіргі біз білетін жер, ай, жұлдыз болады. Дагенмен осы сияқты планета атауының өздері мәңгі осы бір қалпында қалмайды. Бұлар да бірталай ұзақ уақыт өте келе біріне-бірі қозғалыс барысында соқтығысып қалып, белгілі себептермен тағы да газға айналады. Онан кейін сұйық затқа айналып, онан қатты дене болып қатайды. Сүйтіп сол үш өзгеріс күйіне түседі де жүреді. Бұлар қайта қатайып, қатты дене болған кезде бастапқысынан я үлкен, я кіші, я бұрынғысынан өзгеше дене болып қалыптасуы мүмкін. Сол сияқты әлгіндей ұлы өзгерісті қайта жаралыста жер де, айуан да, адам да, өсімдіктер де болады. Бірақ өлгеннен соң бізден сезім кетіп, біз сол өзгерістерден еш нәрсе сезбейміз. Сол қайта жаралыста білім, шаруа, байлық, дене сияқтылар бүгінгіден мүлде басқа түрде болады. Сонымен бірге барлық әлем біржола газ болмай, бір жағы газ болып жатқанда, бір жақтағылары қатайып, қайта жаратылып жатады.

II дәлел: ЖАРАТЫЛЫС ЖОЛЫ

Мұқым барлықтың бәрін бар қылып тұрған жаратылыс жолы. Ол сондықтан соның бәрін өзгертіп жатқан түп негізінде, өзінен не шығып, өзінде не болып жатқанын да сезбейді дейді. Сондай-ақ біліп жаратушы ие бар деген бекер сөз. Ол жаратылыс жолымен жаралғандардың өзінен бөлек нәрсе емес, осыдан бөлінбейтін заң. Осы әлемдегі барлықтың бәрі де сол заңмен еріксіз жаралып жатыр. Ол заң өсіп-өнуге, жоғарылауға ұмтылып, ең жақсысын жайлап алады. Сондықтан бұл әлемдегі планета жұлдыздарының жаралысы, жүрісі, адамның, айуандардың, өсімдіктегі әр нәрсенің дене бітімі, жаралыс реттері толық жарасымды, мақсатты жолмен жаратылған.

Бұл айтылғандар – философ Ламетри сөзі.

III дәлел: ТҰҚЫМДАСТЫҚ ЖОЛЫ

«Жоғарыда айтылғандар: бар нәрсе өздігінен жаралып жатқан соң жаратушы деген жоқ, құрлықтағы хайуандар, ағаштар, құстар, адамдар, өсімдіктер – бәрі теңізден туған. Теңіз жерді орап алғандықтан су хайуандары, өсімдіктері құрлыққа шыққан. Жер жүзінде өсетін жандылардың бәрі о баста су хайуаны болған. Неге десең, қырда не түрлі жандылар болса, теңізде де соған ұқсас жандылар бар. Теңізде жылан, ит сияқтылар болумен бірге, құс сияқты жандылар да бар. Сондықтан бұларды өз алдына бөлек-бөлек тұқым етіп жаратқан ие жоқ» дейді философ Майе.

IV дәлел: ДЕНЕ СЕЗІМІ

Біз әр нәрсені денедегі сезіміміз арқылы білеміз. Мұқым барлықтың бәрі жаратылыс жолымен еріксіз бар болып жатқанын көріп отырмыз. Біз оны жаратып жатқан құдайды ешбір дене сезімімізбен сезгеміз жоқ. Егер шын біліп жаратушы ие болса, бұл жаратылыс себептерінің еш керегі жоқ болар еді. Егер бір жаратушы тілді құдырет бар болған соң, бұл себептердің керегі не? Сондықтан біліп жаратушы жоқ.

Бұл айтылғандар – Фошна сөзі.

V дәлел: ӘР ТҮРЛІЛІК

«Әр түрлі дүниеге қарасаң, мысалы, тас, ағаш, басқа өсімдіктер, хайуандар, адамдар, су, от сияқты бір-біріне ұқсамайды. Бұл нені көрсетеді? Бұл нәрселер қалай болса солай, кез келген себебіне қарай жаралып жатыр. Оны былай болсын-ау дейтін нақты жаратушы жоқ екені, міне, осыдан мәлім» дейді ұлы ойшыл Демокрит. (Бұл – Ғайса пайғамбардан 300 жыл бұрынғы грек философы).

Жоғарыда айтқанымыздай, міне, осындай біліп жаратушы жоқ деген сөздер XIX ғасырдың аяқ шеніне дейін Европа ішіне көбірек жайылды. Онан кейін бұл көзқарас нашарлады. Оның себебі – магнитизм, спиритизм, телепатия дегендердің шыққаны болды. Мұның мәнісін мынадай ұғымдарынан көрелік:

Магнитизм – бір адамның жанына жанның қуатымен әсер беріп, еріксіз ұйықтатып, сонан өткен бір істі немесе келесіде болатын бір істі сұрап, ғайыптан хабар айтқызады, тағы басқа істер істейді.

Спиритизм – өткен адамдардың жанын шақырып алып, кейде ғайыптан хабар алғызады, кейде қағаз да жазғызады.

Телепатия – тіпті алыстағы тірі адам жаны мен өз жанын хабарластырып, оған ойлағанын істетеді алады.

Осындай адам таңғаларлық, бұрын сыры беймәлім метафизика – жаратылыс жолынан жоғары қуат барлығы анықталған соң, бұрынғы дене сезіміне ғана нанып, онымен білінбеген нәрсені жоқ деп жүргендердің ойын шатастырып, басқа ойға түсірді. Олар анықтап білдік деседі. Сонда да бұларға жанның түп негізі білінбегенмен, сау сияқты дене өлгеннен соң да сол жанның өз алдына біреу болып, бұл дүниеде жәрдемші екенін білдік дейді.

Тағы бір дәлел – XIX ғасырда француз адамы Арлеан Гардта айтуы осылай. Бұл жан жасарып алатын спирт дейді. Жандар өз денелерін біз сияқты барлай алады. Ал біздің әрқайсымыз тірі күнде адам атанып, өлген соң жан боламыз. Бұл дене – жанға ортақ дене. Жансыз екенін еш нәрсе сезбейді. Ортақ дене тірі күнде ортақ дене болып, өлген жанмен бірге кетіп, біржола бар болады дейді. Жаралыс жолы физика ғылымымен табылмайтын, сыры білінбеген нәрсе туралы Европа білімділерінің сөзі мынау: Атақты философ Август (испан): «Білгіш ғалымдар жаратылыс ғылымының әр тарауында азғана, тіпті ғылымның аз да болса, әлі білінбеген, тіпті шешілгендерінің өзінде де білінбегендері жоқ есепті болып қалатынына еріксіз мойындайды», – депті. Екінші, Биу деген білімді былай депті: «Барлық жаралыстың заңдарын ойласам, ұғындыруа шамам келмей таңғалам. Кейбір жазушылар бізді қанағаттандырмақ болып, терең ойларды білгізбек болып, көп кемшілікті, ұғымсыз дәлелдерді жазады. Менің ойымша, солардың атаған себептері, мейлі қойған атаулары жаратылыс

жұмбағына қарағанда бұрын сөз болып қалатыны шын батырлықпен-ақ көрсетілген». Гедрит деген ғалым «есепсіз күн сайын білінуі қиындаған сырлар туралы қанша дау айтып, ой жүргізсе, соншалық ашық форма адамда, адамнан өсетін әр нәрсені барлыққа келтіруші бұрыннан бар жоғалмайтын бір қуаттың барлығы аңғарылады» дейді.

Профессор Юнг «Білім айналасында» деген кітабында: «Жаратылыс, физика ғылымдарының бізге керектігі – олар біздің тоймаған ақылымызды тойғызуында емес, олардың ең зор керектігі – барлықтың бәрін жаратушы иені танытуға қарай жетелеуінде. Сонымен бірге оның құдіреттің өлшеусіз зорлығымен біздің сезімімізді таң қалдыруында», – деп түсіндірді. Русұ деген атақты жапон ақыны: «Мен бастабында адам тәңірінің барлығына нанбаса да, толықтыққа жетеді деп ойлаушы едім. Аяғында ол ойым бекер екен. Адам білгір тәңірінің барлығына ақылымен нанбай тұрып, толықтыққа жете алмайды екен», – депті.

Зор философ Беренгия да: «Жан мәселесін шешу уақыты таянды», – деген.

Жан Жак Руссо, Маднин, Лемне, Мешель, Келпе сияқты жүздеген білімділер адамның ішкі идеясын тексеріп, дүниені қайтадан (жаңадан) қаптаса керек деп тұжырымдайды.

Жоғарыда аталған философ адамдар, олардың пайымдауынша: Адамдар жаратылыстың негізгі білуге соншалық нашар, әлсіз; адамның әлі білмегеніне қарағанда білгені соншалық жоққа есеп. Сүйте тұра адамдар себебін, мәнісін білмеген істі біржола жоқ деп қалай таласады? Мұның себебі: дене сезімімізбен ғана сезіп, басқаға нанбай, терең ойламағандықтан. Сүйтіп, ой жалғыз дене сезіміне ғана нанып құрылса, көп шатақ, даулар, ойлар туылмас еді деп жаратылыс жолымен ғана қуып, сыры табылмайтын метафизика істі ойлауға бөгет болуын да ойласқан. Мәселен, Август Кант фузотизм «шын анық» деген бір жол шығарды (бұл адам 1797 жылы туып, 1857 жылы өлген). Бұл «шын анық» жолының қорытындысы мынау: Көзіміз көріп, өзге сезіммен әбден анықталмаған Келестроның ісін анық түзеп алса болғаны.

Бұл жандардың насихатымен аты аталған Арлилан Кардтің шын аты – дуалы. Ол да жан насихатымен өзгертілген. Заты – француз. Осы күнгі Франция спирттерінің жолы. Бірақ француздар ғана ұстайды. Англия спирттері оны теріс дейді. Арлиландікі брахман дініне ұқсас. Мәселен, өлгеннен кейін жан бір хайуанға кіріп, сонан тағы біреулерге кіре-кіре әбден таралады дейді. Мұны жандар айтады деседі. Англия спирттері материализмге, жаралыс жолы дегенге ұқсайды. Кейінгі басқа оңалуы мұндай бір-біріне шатақ жан [...]. Дегені Арлилан Кардтың себебімен көрсетеді. Мәселен, олар адамдармен хабарласатын төмен дәрежелі жандылар болады. Сондықтан олардан шатақ сөздер де болатыны содан дейді. Бұл пайымдаушылар Арлилан Кардтың «Лажаир» деген кітабында спирт жайында, әсіресе, жан жайын әңгіме сияқтандырып, мысалдап, әдемі суреттейді. Мұның қылған істері көп. Оның бәрін жазбай-ақ, спирттердің сырын табамыз деп әуреге түскен білімділердің бірер сөзін айта кетейін. Морсла Шатр деген білгір «Білімді лұғат» атты кітабында былай дейді: «Спирит туралы ойлаған ойлар бұрынғы ойды өзгертіп, жоғарырақ ойлағандарды таң қалдырар. Бұл спиритизм тамам ғылымды жұрттың арасына кіріп кетуі ықтимал. Мұны кешікпей-ақ анықтап жарыққа шығарушы Арлиан

Картты XIX ғасырдың ең зор ғылыми өнер шығарушы дегізер».

Магнетизм, спиритизмді «жәдігөйлік, мұның сырын ашып маскара қылайық» дейтін Европа білімділері бұл істің ізіне түсіп тексере келе, бір қуаттың барлығына көз жеткізіп, еріксіз мойындады. Кейбір білімділер мұны өз сынынан өткізіп анықтады да. Дегенмен мұның түпкі себебін тапқан әзірше ешкім жоқ. Енді соны іздеген білімділердің сөзін айтайын. Белгілі ғалым Оймонмир: «Мен басында спиритизмге күліп едім. Енді оным ақымақтық екенін білдім», – десе, «Рейн» газетінің тілшісі, ғылым туралы шолушы доктор Мания: «Бұл спиритизм материалист физиктердің, дене жаралыс жолын қуғандардың қуалаған ісі, ол балта көрмеген орман ағаштай өсіп жоғарылауда», – дейді. Тағы сол газеттегі бас жазушысы Огусбид Даугалай былай дейді: «Алғашында Америкада таяқ жеп, аяғында 19 мың адам нанып қол қойған спиритизмге өзім де тәжірибе жасап көріп, еріксіз нандым». Бұл туралы жазған оның «Миетуства» деген кітабы бар. Онда әйелдің істері туралы сөйлейді. 1896 жылы медицина дәрігерлік факультетінің профессоры доктор Физгаим магнетизммен бір адамды ұйықтатып, сынағанын айтады. Ол ұйықтап оянғанда: «Артындағы күміс сағатты ұрлап қалтаңа тық, мен көрмедім», – дейді. Артындағы күміс сағатты алып тұрады да ол: «Жоқ, бұл ұрлық болады, жарамайды», – деп қайта қояды. Ұғындыруым нашар болғанын біліп бір күні әлгі кісіні тағы ұйықтаттым. Онда: «Артындағы үстелдегі күміс қасықты ұрла! Ұрламасқа лажың жоқ, қалтаңа тық, мен көрмедім», – дейді. Ол оянғанда артымдағы үстелге қарап қасықты алдым. «Алмасқа лажым жоқ деп, – қасықты қалтасына салып, – мен көрмедім», – дейді. 1893 жылы Парижде шыққан «Клуб» газетінің 14 июньдегі нөмірінде Грамия Роксуан қол қойған «Ұйқыда кезу» деген мақалада былай делінеді: «Балеропар көшесінде 243 нөмірлі үйде доктор Комттың ауру қарайтын бөлмесінде гипнотизм жолымен қатты ұйықтаушыны көрдік. Лабутр деген [...] көрді. Мұнда 22 жасар әйелдің шіріген тісін докторға алғызу үшін әдейі ұйықтату жасалған. Әйел оянғанда: «Ешнәрсе сезбедің бе?» – деп сұраған. Ол : «Ешнәрсе сезбедім», - деп жауап берген. Мұндағы ұйықтату кезінде әлгі әйелдің бетіне, білегіне, тіпті тіліне ине сұғып шаншылаған екен. Ол онан түк те сезбепті. Тіпті доктор әлгі әйелді ауырсындырмақ болып, тісінің етін қандауырмен тіліп, тісін суырғанда түк білмеген. Оянғаннан кейін ол да еш жері ауырмағанын айтқан. Сонда мұны 20 шақты кісі көріп тұрдық.

Бұдан 30 жыл бұрын июнь айында Қытай теңізінде Францияның бір пароходында спиритизм туралы сынау жүргізіледі және жан шақырып сөйлесу болады. Мұнда өлген бір жолдастарының жаны келіп: «Мен өлмей тұрып осы пароход капитанынан 5 франк 25 цент ақша қарызға алып, соны төлей алмай өліп едім. Сол маған қиын болып жүр. Сіздер маған мархабат етіп, капитанға сол ақшаны төлей салыңыздаршы», – деген. Бұл істі капитаннан сұрастырса, капитан ұмытып қалыппын дейді. Бірақ әлгі адамдар капитанға жалынып, сол жылы естелік кінағасын қараса, әлгі айтқан сөз дәп-дәл шыққан.

Марселияда тағы осындай бір сынау жасалып отырғанда, оларға бір жан келіп: «Бөлмеңіздегі бірнеше саудагерді шақырыңыз, соларға айтатын сөзім бар», – дейді. Мұндайға нанбайтын, мұндайды жәдігөй дейтін саудагерлер басы әлгі ұсынысқа бірден көнбейді. Бірақ жаңағы жан: «Саудагерлер жиналсын, Қызыл теңізге жіберілген кемешілердің хабарын айтайын», – дейді. Сонан соң

саудагерлер жалынып-жалпайып жиналып келгенде жан айтады: «Мені каралағанда не табасындар? Сорлы, сен сәрсенбі күні Қызыл теңізге бір кеме жібердің. Сонша қант, сонша қызметші, сондай жолаушы бар. Капитаның пәленше 12 сағаттан кейін толқынға ұшырап, жағаға тоқтап, мұнысын күзетіп жүрді. Юнан жиегіне дейін жақын барса да, Юнан тұмсығында қатты толқын болып, компас жоқ, кеме жолдан адасты. Таңға жақын бір нәрсеге соғылып, еш адам тірі қалмай бәрі суға кетті. Мен солардың бірінің жанымын. Саған хабар бергелі келдім. Мұны үкімет естіп, тексергелі жатыр. Бүрсігүні престенге хабар келеді. Сонда менің жәдігөй емес екенімді білерсің», – дейді.

Расында әлгі жан айтқандай кеме туралы қайғылы хабар келеді. Айтылған сөз дәл шықты.

Бұдан басқа спиритизм жайын тексеруші Узен Тос былай деп жазады: “1759 жылы Англия әскері Американың тұрғын халқымен соғысқанда командашы Спрдолемен деген кісі Фнан сурет Марыдағы Америка адамдарына елші жіберіп, Нинақара қаласына келсін, сол жерде бітім түзелік дейді. Алдындағы соғыста ағылшындардың Александр Ғанри деген офицері елшілікке барған екен. Ол американдар қолында екен. Сол айтады: “Елші кеткен соң американдар “зор тасбақа” деген жанды шақырып алып, ақылдаспақшы болды. Үлкен шатыр тігіп, шатыр тігуші маңайда әлденелер істеп, ұғылмайтын сөздер сөйлеп, шатырдың алдына етпетінен жатты. Сонда шатыр біресе былай, біресе олай қозғалақтады. Оның ішінен әлденеше қорқынышты дауыстар шыққанда жан шақырушы әлгі шатырға жалғыз енді. Сонда “Зор тасбақа” не айтты дегенде жан шақырушы: “Барғанымызды ұнатады. Командашы бізге көп сый беріп қайтарады. Ол сыйлық ішінде пәлендей сауыт, пәлендей нәрселер бар деді”, – депті. Ақырында сол жан айтқанның бәрі дәл болып шығыпты.

Париждегі спиритизм мектебінен арнайы оқып шыққан Түркияның Хасен Маузон деген адамы да спиритизм, магнитизм туралы кітап жазып Стамбулда бастырды. Сол кітапта былай делінеді: “Біз Парижде бірталай спирт жандар шақырғанда, көбінесе “Жақа” деген жанды шақырушы ек. Онымыздың себебі: оның айтқаны дұрыс шыға беруші еді. Біз оны бір жолы шақырғанымызда: “Түрік сұлтаны –Ғабдол Хамиттің зұлымдығын халық қаншаға дейін тартады?”, – деп сұрадық. “Патсалығының отыз үшінші жылының тоғызыншы айында тағынан түседі”, – деп жауап берді. «Оның өлімі қашан?» – дегенімізде: «Аустрия-Венгрия патсасы Йосиф Уойдың өлімінен соң болады. Алты айдан кетсе, қалай болар екен”, – деді. Шынында оның –Ғабдол Хамит сұлтан туралы айтқаны дәл келді. Ғ–абдол Хамит Силанкте өліпті. Оның өлімі туралы айтқаны қалай, соны ескеру керек дейді Хасен Маузон. Хасен осы кітабын –Ғабдол Хамит тағынан түскен соң 1901 жылы бастырған. Ол Китозор қыстағында тұрады. Бұл Китозор қыстағы Уиндирук уалаятында Аргария ішіндегі Денконстігінде болады. Хасеннің фамилиясы американша Фокс У. Китозорда 12 жасында бір қатар уақыт болғаннан кейін жатқан үйлердің төбесінен, еденнен, қабырғасынан неше алуан дыбыстар шығатын болған. Аулақ қалған үйдегі көрпе-жастық сияқты нәрселер ауысып, шашылып қалатын болды. Бұл істен көпке дейін қорықса да, кейін үйрене келе, “Ақсақ шайтан” менің істегенімді істеші деп қолын сартылдатып, алақанын шапалақтаса, әлгі бейтаныс нәрсе әлгі айтқандай дыбысты о да айнытпай шығаратын болды. Сүйте-сүйте оның жан

екенін біліп, кейін өзі нағыз спиритші болған. Онан кейін ол бір дарияның жағасындағы Рошер қаласына көшіп келіп, не түрлі спиритизм ісін өрлете бастайды. Оған тұрғын қала халқы бірнеше рет комиссия жіберіп тексеру шығарған. Комиссиялардың бәрі алдаусыз, лажсыз, айласыз бір қуаттың барлығына көз жеткізеді. Бірақ қара халық ол комиссияның анықтамасына да нанбай, бұл жәдігөй адам, оны өлтіру керек деп ұйғарысты. Сөйтіп оны өлтірмек болғанда, сол қалың халық бұқарасының өздері қасиеттейтін әулиесі Жүрпе Ойлаң оған араға түседі. Бұл әулие жұртқа мынадай дақпырт таратады: “Мына спиритизмші мені өлтіріп, денемнің үстінен өтпей кетті, сендер оны өлтіре алмассыңдар”, – деп оны өлімнен әзер құтқарады. Онан кейін Фокстің фокустерін (қызықты істерін) Американың Димонс, Маис, Роперли, Гайда және Лондондағы профессор Керейкс сияқты данышпандар тексеріп көрді де, алдау-арбаусыз һәм айласыз бір қуат бар деп жариялады.

“Райль” газетінің бас жазушысы Гост Акридің Америкада таяқ жеп, ақырында шындығына 14 мың кісі қол қойған “Спиритизм” деген кітаптың авторы, Англияның білімпазы – Жант Кокс былай дейді: “Ешбір ғылым білмейтін надан жан шақырып келгенде, ол білімді философтармен ғылыми сөздермен айтысып, айтқаны дәл келеді деген соң, соны өзімше сынап көріп едім. Ол жан айтқан сөзімнің бәріне ғылыми жауап берді. Әншейінде ғылым түгіл жәй сөзге де жауап бере алмайтын надан еді. Ол – ол ма, Францияда атақты спирит жандардың өзі айтылған сөзді қағазға жазып отыратын болған. Келденштов деген спирит жан ақ қағазды үстелге не сандыққа салып қойса, соған жазып кетеді екен. Ал Граматор деген жан жай тартатынды шығарған. Сондай-ақ Прангелдің, Бистанның жандары спиритизмшілерге келіп, спиритизм жолын үйретеді екен. Сол сияқты кейбір жандар “артымнан дұға қылып, “күнәсін кешір” деп, маған тілек тілейтін кісім жоқ, сондықтан мен жоғарылай алмай жүрмін” дейді екен. Тіпті бір таң қаларлық іс спиритизмшілерге Марс (Мар) деген планетадағылардың жаны келіп хабарласады деседі. Олардың әртүрлі тілі бар. Солардан естілетін бір-екі ауыз сөз мынау: “Кеуі қашан келеді. Ол мап тағы да топ жазған былай кеуі ібірім...” деген сияқты.

Атақты жапон жазушылары, ақындарының бір қатары да ойларын өлеңдеріне қосқан. Бұл сөзіме Умилә Кетпенің “Спирит” деген кітабы мен Мешенің “Хаққа қабат” деген кітабы куә. Францияның атақты жыршысы Виктор Гюгенің спиритизм туралы айтқан жырының мағынасы мынау: “Сөз сөйлеп қозғалатын бірталай жандардың мәні һәм жаратылыс жолы (заңы) физика ғылымымен тексерілсе, шындығына көзіміз жетпеген нәрселерге әуре болмайық” деген. Бірақ адамдарда жаратылыс жолынан жоғары бір қуат барлығын сезетіндік бар. Сондықтан күн сайын бұрын табылмаған нәрселер табылып, бұрын тіпті мүмкін емес дегеніміз де дағдылы болып, оны күнде пайдаланып отырмыз. Сол себепті Конттің сөзіндей сөздер адамды жаратылыс жолынан жоғары қуатты ойлатуға да тоқтамайды.

Осы кезде Еуропада әлденеше жүз академиктердің өзі магнитизм, спиритизм және телепатия сияқты ғылымдарды құрал етіп, күні-түні жан мәселесін тексеруде. Анығында сыры жасырын нәрселер мен жан туралы тіпті қымбатты кітап жазған Кассель Филоморион айтқандай, біз жалғыз ғана сезіммен тоқтап қалсақ, қатты алданамыз.

Юнанның (гректің) білімдісі Пифагорс былай дейді: “Тіпті кішкентай айналасында өзгеруі бар планеталар өз төңірегін айналғаннан гөрі, Жер һәм басқа планеталар Күннің айналасын айналғаны ақылға сыйымды”. Асфенттің Мепанку заңындағы “Жоқ” дегенін сол заманның ойшылдары Апплатон, Архимед, аспан ғылымының жүйірігі Пиарм, Пахламос, Птоломей күлкі қылмайды. Ал Сократ дейтін ғалым: “Жаратушы ие бар деймін”, – деп көрсетеді. Галилей өзге планеталар жерден үлкен дегендігі үшін не көргенін білесіздер. Ауаның не екенін – водород, кислород, азот деген газдардың қосындысы деп тапқан Лаувзиг, оның бұл пайымдауын теріс көрген химия ғылымына жүйрік Пронеттің де не істегеніне көп уақыт болған жоқ. Сондай жаңадан сыры ашылған нәрсенің бәрі басында күлкі болып, аяғында шын болмағы хақ. [...] Архимед –Ғайсадан 287 жыл бұрын ашып, жол салған Юнанда (гректе) осы кезде сыры табылмаған физика, жаратылыс жолынан жоғары қуаттың барлығы мәлім.

1733 жылы туып, 1815 жылы өлген Мегар деген Германияның докторы “Хайуан магниті” деген нәрсені тауып, сонымен ауруларды емдеген. Оны бүкіл Европа білімділері нақты тексеріп, бір қуаттың барлығын мойындаған. Мегардың өзі дәрігерлік ғылыммен емдеуді әр жолмен емес, бір шелек суды өзінің білім жолымен магниттеген де, сол суға аурулар кейде қолын, кейде аяғын сұғып жазылған. Суды магниттегенде сиқыршы, жәдігөй сияқтылар ақылға қонымсыз. Ол Алатау жақтағы қарақұрт шаққанды емдейтін Қарамыш Дайшүн сияқтылау ғой деймін. Франциядан магниттеуді тексеретін комиссия шығып, Хайуан магниті деудің түбі ғылымға сыйымсыз болса да, оның әсер беретіні рас екен деп түйіндепті. Бұл Хайуан магнитінің түбі білімсіз болғаны сияқты, Электрияның түбі білімсіз, бірақ Электрияның не нәрседен шығатынымен не іске жарлығы табылып отыр. Сондықтан ғылым оны еріксіз қабыл алып, пайдалануда. Мұны сымсыз телеграф шықпай тұрғанда жаралыс жолымен сыр қуалағандар мүмкін дер ме еді?

Енді жан-рух туралы айтайын. Жан-рух деушілердің сөздері жоғарыда айтылып еді. Солай болса да біраз ұғымдылау етіп айтарлық сөз мынау: “Тегінде дененің өзіндік әдісі, сезімінің орта тұрағы бар. Мида ол тоқтаса, мидың бар жұмысы тоқтайды. Сол мидағы орта тұрақ пен мұқым дене арасында сезетін, қимылдататын тамыр, сіңірлерге тұтастыратын бір [...] бар. Соның үшін жан дегеннен бір бөлек нәрсе жоқ. Егер жан жоқ болса, мидың өзі жан болар еді. Оның жан емес екенін көріп-біліп отырмыз. Дене әрқашан өзгеріп тұратын нәрсе. Сондықтан жылдар, уақыттар өту себепті ол да біржола өзгеше дене болып, ауысатыны Хақ. Адамның әр сезімі, әр істі істеуі сол мидың өзіне ғана біткен сезіну. Ол сезіну денеше әрқашан өзгеріп тұрмайды.

Адам өлген соң дененің құрамалары шешіліп, бытырайды. Сөйтіп басқа бір өсімдік, хайуандарға кіріп араласады. Сөйткендіктен әркімнің өзара ойы, бөлекше жаны болмай, біреулері біреулеріне көшіп жүретін болған соң не денеді, не жанда қайта тірілу жоқ. Адамның сезімі, өмірім деп жүргені сол миға біткен сезіну, әсерленудің жаңаруы. Яғни әрбір жаңаны сезбеуі ғана. Одан өзге еш нәрсе емес. Ол өзгеріп тұрған дене бұрынғы дененің өзі емес, тек соған ұқсағаны ғана болады. Сондықтан оны адам өзім деп біледі деседі. Бұлар рух туралы білгірлердің айтқан пікірлері.

Енді жан туралы ой жүргізген білімділердің сөзін айталық:

Арменшевтер: “Өршу (тіршілік) механикасы дене машиналарының тетігімен бір түрлі”, – деседі.

Дуадаримон: “Әр заманда электрия бар. Ой денедегі атомдар қозғалысының әсері”, – депті.

Астудамел: “Адамның тіршілігі бізге сондай бір қиын сырлармен байқалады. Дүниедегі тіршілік жаратылысының өзге көп сырларына қарағанда түпсіз, өлшеусіз бостықтағы кішкентай арал сияқты”, – депті.

Гераклит: “Жан – атом, яғни денелі емес. Жаннан шыққан әсерлерде дене қасиеті жоқ. Сондай-ақ жан қасиеттері заман, уақыт астына да кірмейді. Бұл ақылдың өзінен ғана шығатын қасиеттері. Оны дене жаралысының еш сипатымен сипаттауға, өлшеп ойластыруға келмейді. Жан былайша бөлініп, жаралысынан, денеден шыққан соң, денедегісінен қуатты болып, тіпті жоғалмайтындығы да айқын білінеді. Шын анықтап қарағанда жан деген нәрсе тән (дене) сияқты емес. Денелер (тәндер) өзгереді. Жан олай емес. Дене екеуі бірігіп тұрған кезде ана екеуі біріне-бірі қатты әсер береді. Ашулану, жек көру, аяу, сүю сияқтыларда жан әсері бетке шығады. Жан қатты әсерленсе денені қатты қиыншылыққа түсіреді. Кейде қапиядағы қатты қуаныш, қорқыныш, қайғы адамдарды өлтіріп те жібереді. Жан мен дене бір-біріне әсер береді. Докторлардың айтуынша, бір нәрсені ойлап суреттеген ой денеге әсер береді”, – дейді.

Уелит Декарт: “Жан мен денені тіпті басқа түрмен болса да, жаратушы ол екеуін бір-біріне әсер беретін қозғалыста қылғызған”, – дейді. Мұның мәні – денені жан әсерімен қозғалатын қылғызған деген сөз.

Уоллер: “Жан мен дененің бір-біріне әсер беруі қайтар жолмен болады”, – дейді. Мәселен, тас соққандағы дауыстың жаңғырып, қайта естілгені сияқты.

Куирос: “Жан мен дене ортасындағы орта себеп болатын бір нәрсе бар. Екеуінің қасиеті де ортақ болған себебінен екеуін қосып жарастырып тұрған сол”, – дейді.

Гедолин: “Жан бөлінуді қабыл алмайды, жан денемен біржола бірігіп те қалмайды. Ол екі араға тағы бір нәрсе қосып, оның міндетін анықтауға менің әлім жетпейді. Бірақ ондай нәрсе бар болса, өлшеу, сипаттауға келмейтін бір қиял сәулесі сияқты болып, сол тамыр, сіңірлер арқылы әсер беретін шығар”, – дейді. Сонымен бірге Гедолин тағы да былай дейді: «Ғалымдардың бұл ортақ дене дегенді айтатын себептері Францияның военный академиясының (соғыс мектебі) үстінен қарайтын роташының магнетизм жолымен бір адамды ұйықтатып, соның денесін өлімге ұқсас бір күйге түсірген, сонда жан бұрыны денеден шығып, сол адамның қасында бір түрде болып тұрғандығын көрген. Осыған қарағанда магнетизм, спиритизм, телепатиямен ауыр нәрсе жеңілденеді, жеңіл нәрсе ауырланады. Тірі адамды ұйықтатып, жанын бірнеше шалғай шақырымдарға жіберіп, ғайыптан хабар алғызады. Өткенді, келесіні сөйлетеді. Өлген адамның жанын шақырып алып сөйлеседі. Жазухат жазғызады. Сондықтан олар жанның барлығын, тіпті жоғалмайтындығын анықтады. Міне, осының бірқатар шартын таба білсе, бұл тәжірибені әркім өзі сынап білуі де мүмкін.

Жоғарыда аталған мәселелермен Келестро деген адам Европа білімділерін

таң қалдырған. Келестроның істеген ісі: 1918 жылдарда Франция корольдігінің орынбасары болып, онан кейін король-патса болған, ақыр аяғында еліне зұлымдық қылғаннан өлтірілген XII Луи дейтін болыпты [...] сол Луи нәсілдерінің біріне тиіп, соған неке қиғызамын деп жолға шыққан бір қыз Франция патсасы тұратын Париж деген қалаға бара жатқанда, француздың бір ақсүйегінің үйіне түседі. Сол үйде әлгі қыз (есімі Мари Антуан болса керек: “Келестро, маған бал ашып беріңіз, менің осы некемнің арты не болар екен?” – дейді. Келестро: “Саған бал ашпаймын”, – десе керек. Бірақ қыз жалынып, қиылғандықтан ол мына кереметін көрсетіпті: Бір шелек судың айналасына әртүрлі істер істеп, ұғылмайтын сөздер сөйлеп, қызға: “Мына судың түбіне үніл, өміріңнің соңын сонда көресің”, – депті Келестро. Қыз суға біраз қарап үніледі де, “ойбай” деп талып түседі. Қыз есін жиған соң, қыз да, Келестро да сөйлемей жөндеріне жүре береді. Қыздың талған себебі: әлгі шелектегі судың түбіне көп кісі жиылған, ортасында өзі тұр екен. Бірақ оның өмірінде өзі көрмеген бас кесетін машинаға жазалыларды әкеп, басын қиып жатады. Ең соңында әлгі бас кесер машинаға сол Маридың өзінің де басын сол машинаның бірі кесіп түседі. Өз басы бір жағына сылқ түсіп домалағанын көріп, сонан шошынып қалыпты. Бұл істің сол тұстағы таңырқарлық мәнісі мынау: Ол кезде адам басын кесетін машина жер жүзінде жасалған жоқ еді. Ондай машина қазіргі заманда гильетона деген атымен мәлім. Кейін шықты.

Ал әлгі қыз – Мари король Тасфонцпен некеленген. Бірталай уақыт өткен соң, өкімет бастығы жазалы адамды қинамай басын тез қиятын машиналы айла іздестірді. Сол кезде Гельотин деген профессор бас кесетін машина тауып, мұның суретін, қалай істейтінін жазып, түрме бастығына береді. Ол корольға көрсетеді. Әлгі баскесер машина нұсқасын өңінде көрген Мари тағы “ойбай” деп талып қалады. Есін жиғанда король Мариден неге талдың деп сұрайды. Сонда қыз бұл машинаны баяғыда балгерден көрген оқиғаны айтады. Одан кейін бірталай уақыт өткенде күйеу корольдің де, Маридің де басы сол гильетона машинасымен кесіліпті.

[...] – Ғылыми жеңіл есептеу – мінсіз ғылымның зор міндеті. Жаңа шыққан нәрсені тексеріп, түбін білуге кірісу, бұл спиритизмді жеңіл көріп, түбін білуге сал білу, анық шын ақиқаттың жолын бұзғандық болады.

Спириттің тағы да бір сөзі бар: “Жан ұйықтағанда немесе гипнотизм жолымен ұйықтатылғанда дененің тіршілігіне ғана ие болып тұрады”, – дейді. Ана жылы өзіміз көрген F–абдул Хамит Ешкин деген гипнотизм туралы жазған кітабында: Ол екі түрлі жанның бар екенін айтады. Сөйтіп екі түрлі жанның бірін рух деп атаған. Енді бірін табыс депті. Табыс дегені жанның көшірі сияқты. Гипнотизм мұны билеп, жанды еріксіз күндеп, айтқанды естиді деседі. Мұның өзі бейне осы біздің қазақтың шошыған кісіге «үрейің ұшып, жаның кетіп, құр сүлдерің қалыпты ғой» дейтіні іспетті ұғым. Осыны ойлағанда біз жанның жолдасы сүлдер десек тура келеді. Сайып келгенде бұл гипнотизм, спиритизм, телепатиялық байымдаулар әлемде әйтеуір бір қуаттың барлығын мойындаса да, оның түп себебі не екенін таба алмайды. Әрқайсысы әр түрлі жору айтады. Сол байымдаулардың бірі – өлгендердің жаны рас дейді. Мұның дәлелі: шақырылған жанның мен пәленшенің жанымын деп айта келетіні. Ол жамағаттан басқаның да сырларын біліп, айтқанда дәл шығатыны. Тіпті жазған

жазуы сол кісінің жазуына ұқсас келетіні, т.б.

Ал кейбір ойшылар жанды жын дейді. Оның дәлелі: жын бар деу ескіден келе жатқан ұғым. Күні бүгін де бақсы, диуаналар әдеттегі адам айтып, істей алмайтын істерді істейді. Жындар қақаған қатты суықтарда жалаң аяқ, жалаң бас, жалаңаш жүреді. Міне, оларды осылай жүргізетін жын. Осындай жындар да әр түрге түсіп, әр нәрседен хабар тауып, әрі хабар береді. Сондықтан бұлар да адам жанының бір қуаты деседі. Олардың тағы бір дәлелі: жын да ешбір сезім мүшесінсіз айыпты біліп, адам істей алмайтын нәрсені істей алады. Жан сезімінен шығып, басқа түрге түскенде, ұйқы, бақсылық, диуаналық, әулиелік, ұйқыда кезу (лунатик) сияқтылар да жанның сезіну күшейіп, сол спирит істейтін қиын істерді адамның өз жаны істейді дейді.

Міне, осыны байымдаған спиритизм, магнитизмнің екі түрлі жолы бар, мектебі бар. Бірі – Салтедиер мектебі. Бұл аса үлкен доктор Шаргоның жазған жолы, екінші біреуі – Залц мектебі. Оның бастығы дәрігерлік факультеттің профессоры доктор Бринго. Бізге осы кезде Европада Спириттерден кейінгі һәм оның әзірлеуші көпшілігі мынадан байқалады: жалғыз ғана француз тілінде осы спиритизм туралы газет, журналдар шығады. Оның төртеуі Парижде шығады. Олар: “Ару спирит”, “Фратслер”, “Луа спиритизм”, “Лалдиер” деп аталады.

Ал ағылшынша мұның 27-сі, испанша 30-ы, немісше 5-і, португалша 3-і, орысша 3-і, италиянша 3-і. Бұлардың, әсіресе, екеуін білімділер шығарған. Оның бірі Лондонда Фросуа, Тансн журналы. Оны шығарушы – тексеретін комиссия. Онда істейтіндер Үлкен Гларостон, Туилам, Крөгза, Леридо, Русл, Уасл сияқты білімділер. Оның жазушылары тексеру комиссиясының профессоры Палфорситтот, Сосияти, Робаль сияқты ғалымдар. Енді Германия тілінде “Сфенкс” газеті. Оны да өңкей білімділер шығарған. Бұл спиритизм, магнитизм дегеннен басқа нахидизм дегені болады. Ол Индустан руханиларының ісі болады. Олар нахиз дейтіндіктен нахидизм аталған. Нахидистер оқымаған, ешкімнен үйренбей-ақ өз-өзі бақсы, балгерлік, адам істей алмайтын істерді істей алады. Мәселен, бір үйде отырған біреу қанша кісіге менің рұхсатымсыз біреуің қозғалмайсың десе, ешбіреу қозғала алмайды. Сол жерде бұл бақсылардың жолы болса керек. Жас күнімізде бақсылардың асау атты мініп, үйге кіргені, алты қанат ақ үйдің шаңырағына секіріп шыққанын көрген едік. Әншейінде оның бірін істей алмайтындығы анық. Жоғарыда аты жазылған Курнэ Спирит, Хасен Маозох кітабында былай айтылады: “Бір адам көз тигізгіш деген соң “анау қақпадан алғаш кім кірсе, көзінді соған тигізші” дедік. Аздан соң қашыр мінген поп (молла) сол қақпадан кіріп келе жатты. Әлгі спиритші түрегеліп қадала қарап еді, 200 қадамдай келе жатқан поптың қашыры тайып жығылды да, поп анандай жерге барып құлады. Қасына барсақ, еш жері ауырған жоқ, қашырын мініп алып жөнелді. Көшедегілер: “Қашыр тіпті таймас болушы еді”, - деп аң-таң. Біз осылайша көз тигенге таң қалдық.

Кейде тірі адамның дене сезімінсіз-ақ айыпты біледі. Адам істей алмайтын істі істейді. Мұны орысша – лунатизм, Европаша – сомнелимиолитизм дейді. Бұл “измдерді” ғылым оқығандар біледі. Қазақша айтқанда кейбір адам ұйқысырап жүріп кетіп, әлденеше түрлі істі істейді. Қайта келіп жатып қалады да, оянғанда осыны білмейді. Дәл осындай болуды біздің төл тілімізде “ұйқыда кезу” деп атайды. Мұндайлардың кейбіреуі биік үйдің шатырына шығып алып,

таймастан дәл шеткі қырын айнала жүріп келіп, тіпті құрулы саты болса да, сонан да жүріп өтіп, өз орнын тауып жатып қалады. Ал одан ұйқыдан оянғаннан кейін мұны сұрасаң, әлгі адам түк білмейді. Мұндайлар көп болады.

Кей адамдардың әдетте «пәлен жерім тартты, солай еткенде, көбінесе солай болушы еді» дегені де дәл шығады. Кей уақытта адамның көрген түсі де дәл шығады. Бұған бір мысал келтірсек: Ептиелиода дүние аралап серуендеп жүрген бір қатын айнаға қарап, киімін түзеп тұрғанда 13 жасар жиені көрінеді. Ол: “Көрдің бе, мама, міне, мен өлем”, – деген. Осы баланың шешесі әлгі қатынның сінлісі еді. Жақында жазған хатында ондай жаманаттың ныпсысы да жоқ-ты. Келесі хатты күтпей-ақ әлгі қатын Парижге келсе, дәл айнадан көрген күні жиені өлген екен. Туған сінлісі оған дейін апасына жазған хатта бала өлімін әдейі жазбапты (Апам қорқар деп ойлап).

Америкада бір адам өзінің жақын қарындасын қиянатпен алдап, көңіл қосып қояды. Ақырында әлгі қыз жүкті болып қалады. Жұрттан именген ол өзін елеусіз орынға тасаласа да жұрт білетін болған соң, әлгі сұмырай қызды өлтіріп, көмеді. Кейін әлгі жас өлік қабіріне жақын тұратын бір теміршіге өлген қыздың жаны келіп тіл қатып, үрей тудырады. Ол аруақ қыз былай дейді: “Мені өлімге қиюшы ломмен ұрып қатырды да, пәлен жерге киімімді, пәлен жерге денемді тықты. Сол оқиғаны судьяға айтпасаң, өзіңді жазым қыламын”. Сонда қыз сөзін тыңдаушыға қыздың мылжаланған миы бұрқырап, қаны ағып, иығынан жоғары дене суреті түгелімен жас баланың сәулесіндей боп көрініп тұрады. Мұны естіген темірші судьяға бірден мәлімдей алмай, үш күн өткізеді. Аяғында болған шындықты судьяға мәлімдеп, тексеру жүргізсе, оқиға болмысы өлген қыз айтқандай болып шыққан. Мұны естіген спириттер сол қыздың жанын шақырып алып, бөлменің төрт бұрышына сегіз жерден сурет тартатын аппарат қойып, соған қыздың жаралы пішінін, иығынан көрінген баланың сәулесін түсіріп алыпты. Сол сурет бүгінде ғылыми жиналыс үйінде сақтаулы тұр.

Спиритизмді алғаш ашқан Кэтеризм деген екен. Американың иелігінде спириттерге келгенде сурет тартатын аппаратпен алынған суреттер бар дейді.

Адамдар жаратылыс жұмбағын шеше алмағандықтан әлдеқайда сандалып ойланғандарды “идеалист” деп атапты. Идеалистер дүниеде нағыз шындық (шын нәрсе) жоқ дейді. Осы бар деп жүргеніміз құр ғана қиял, сонымен бірге олар айналадағы көлеңке, не сағым сияқты нәрсе, шын нәрсе емес деседі. Дәлелдері: сезіміміздің бәрі бізді алдайды. Мысалы, сағымдатқанды әлде не ғып көрсетеді. Құлағымыздағы бір дауыстың өзі әлденеше дауыс сияқты білінеді. Осылай естілуде бір нәрсені шын екен деп ойласақ, кейін онымыз қате болып шығады. Осыған тиісті бір дәлел: бізде хабар сезім жоқ... Баяғы Аплатон деген білгіш өзінің “Республика” деген кітабында Троглодио деген адамдар болыпты деп былай мысалдайды: Олар зындан сияқты қап-қараңғы үңгірде өскен, өмірінде жарық көрмеген соң әлдеқалай жолығу кезігіп, қыбырлаған бірер жандарға әлгі үңгірдің аузын бекіте жауып тұрған есікке жетіп қақтығысады. Сонда есік ашылып кетіп, үңгірдегілердің бірі сыртқа шығады. Оның мында жарыққа көзі шағылысып, түк көрмейді. Үйрене келе көнеді, ағашты, тауды, суды көріп дегендей. Тамашалап қуанады. Ол үңгірдегі досдастарына келіп, сыртқы көргендерін айтады. Соны естіген үңгірдегі жолдастары әлгі сыртқы жарықты көріп келушіні: “Мынау жынданған екен”, – деп күліседі. Бірақ, әлгі

байқұс сыртқы жарық өмірден байқаған табиғат қасиеттерін айтпай тұра алмайды. “Көргенім шын, тіпті шын”, – дей берген соң, оны үңгірдегілер ұрып-соғып қойғызбақшы болады. (Міне, бұл қараңғылықта қамалушылықты келеке еткен мысал ғой). Бірақ үңгірдегілерді әсте сөгуге болмайды. Себебі: олар сыртқы жарық дүниедегі өмірді көрген жоқ. Тексеріп байқаған да жоқ. (Біз де басқа жарқын дүниені білмейміз).

Бұл кітаптағы сөздің түп мақсаты – “барлықты (нәрсені) басқы жаратушыда білім бар ма, жоқ па, өлгеннен кейін жан жоғала ма?” деген ойды дәлелдеу. Анығына келсек, бұл екеуі де бар. Жоғалмайды. Ал оны жоқ деушілердің сөзін мен жоғарыда жаздым. Соның ішінде жан жоқ деушілерге қарсы дәлел қып тұрған магнитизм, спиритизм, телепатия, нахидизм, түс сияқтыларды түгел түсіндіре жаздым. Осылайша созалаң жазғаным тым қызықты да болмас, бірақ мұным ертегішінің ертегі емес. Әр тобынан біреуді көрсетіп: “Тәңірі бар ма? Жан бар ма?” – деген екі сұрауға жауап тапқым келеді. Бұл сұрауларға бір бүгін емес, баяғыдан бері талай жауап айтылып, талай алғыр ойлар жүргізілген. Бірақ сол табылған жауаптар мен ойлардың бірі үстем, кейде екіншісі үстем бола берген.

Осы істер жөнінде қай-қайсымыз қандай дәлел тауып, қандай жаңа ой жүргізсек те, бәрі бір сол ескі заманның бір терең ойшылының әуеніне басатынымызда дау жоқ. Менің ойымша, ескі замандағыларда ойланбаған ой, айтылмаған сөз жоқ, істелмеген іс қалған жоқ. Бәрінің басын солар бастап кеткен. Бірақ көп заманның өтуі, қазаға ұшырауы сияқты себептерден бұрынғы асыл мұралар жоғалған, ұмытылған. Дегенмен, қаншадан кейін екенін кім білсін, сол білімділер өзі келген уақыттың киімін киіп, жаңғырып шыға келді. Тіпті бізден 4 мың жыл бұрынғы адамдардың өнерлі болғаны мынадан байқалады. Италия арқылы Октари Грит аралындағы тексеруде F-айсадан 1500 жыл бұрын басылған Бросулка жазулы (жазу екі жағына бірдей жазылған) 240 жол жазуы бар тақтай тәрізді бір нәрсе табылған. Бұл нәрсе 4 мың жыл бойында неге бұзылмады екен? Бұдан басқа Бабарияда бертінірек қазылып, табылған бас сүйек бар. Онда тауық жұмыртқасындай жер қолдан жасалып, киюластырылған. Сол бас сүйек осы күнде Инжан музейінде сақтаулы тұр. 187... жылы Австрия археологтары Кіші Азиядан Талос дейтін тауда бір қатынның моласына қойылған тас суреттің сынықтарын тапқан. Ондағы жазу римше екен. Соның бір жеріндегі жазуды оқыса: “Анатомия Бодене қызы. Дәрігерлік ғылымда асқан озықтығы Талос халқына белгілі болғандықтан осы сурет жасалды”, – делініпті. Ендеше XVII-XIX ғасырдағы 300 жылдай уақыт ішінде Европа ғалымдары баяғы юнанның (грек) Епигорс, Сократтарының ойлаған ойын енді-енді ғана жаңартып отырған жоқ па? Әсіресе XIX ғасырда болған дауды әлдеқашан сүйегі қурап қалған Майеннің таяғына кез келіп, оған үңіліп отырған жоқ па? Ал XVI ғасырдағы жүз жылда [...] сүйегі күлде қалған жоқ. Қалмағаны сол – грек-юнанның Пифагор бөрігін тыстап киіп отырған жоқ па? Өйткені осы күнгі білімділердің жақын арада таптық деп жүрген электр қуатын грек-юнанның [...] әлдеқашанғы табысы тапқан жоқ емес.

Бұрын әнші, күйші, кестеші.

Ән мен күй баяғы өлең,

өзі өлсе де қалды бөркі.

Тағы да сол сияқты. Біз де жоғарыдағы екі сұрауға білімділердің сөзінен қорытып, оның үстіне тұңғыш ой деп отырғанымыздың әлдеқашанғы кімнің ойы болып шығарын білмейміз.

Адамға тәңірі көрнеу, көмес (жасырын) пайдаларды толық қылды. Соның бәрін көре отырып, тәңір туралы дауласатындар бар. Мұндайлардың не тәңірісі жоқ, не ғылымы жоқ, не басшысы жоқ, не дәлелді кітабы жоқ. Құр оймен сәждеге басын қойып, сүресін, жеті-сегіз аятын айта жөнеледі. Ол сондай тәңірі әр нәрсені өзіне лайық еткен. Адамдарды басында топырақтан жасап, нәсілін нашар судың нәсілімен құйған. Онан соң оны тағы да толықтандырып, жаннаттан жан берген. Сонымен бірге құлақ, көз, ой берген. Бірақ адамдар жаратушының бұл бергендерінің орайына тым аз шүкірлік етеді. Шүкірлік етудің шын мағынасы – раздығын білдіріп, бұйырғанды орындау.

Енді жан туралыға келейік. Жан, менің айтқанымдай, о баста бар болса, денедегі (тәндегі) орны болған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Неге десеніз, жоғары айтқандай, еш нәрсе жоғалып кетпейді. Тек қана өзгеретін болса, жан белгілі бір түске түсіп, барлықтың ішінде бар болады да жүреді. Мен бұл араға дейін жанның бірінен бірінің артылатын қасиеттерін бөліп айтпай, бәрін де жан деп келдім. Әсілінде, жан әр түрге түседі. Мысалы, эсткия – сезімтал, аңғарғыш жан, мослмудиеритулм – ақылды жан деген тәрізді әртүрлі жан қасиеттері болады. Бұлай болу пішін мен себептерге қарай болады. Дененің (тәннің) әр түске түскені сияқты жан да ауысып отырады және жоғарылайды (бұл бейне дене бітісімен суықты сезіп, тамырына қашқан сияқты).

Мұның себебі: оның денесі (тәні) жанында. Содан артық сезінерлік қаруы болмағандықтан, алайда оның ішінде бірнеше сезімділері де бар. Өсімдіктердің жолын (зандылығын) жазған бір кітапта мынадай бір шөп делінеді: Оның ортасындағы жалынға қонған жәндіктерді тарауларындағы, үстіндегі ине тікен сорады, тіпті түскен дәнді де сорып, құр қабығын қалдырады екен. Бұлай болғанда бұл өзгерістің өзі адамға аңғарарлық емес пе? Ендеше аңғару, ойлау ерікті хайуанның бәрінде бар. Ерікті хайуан дегеніміз – өсімдіктен бөлек барша жандылар ғой. Өсімдік бөтен жерде жүре алмайтын болғандықтан, оны еріксіз хайуан дейміз. Бірақ олардың да бірі есті, бірі бірінен шебер. Оның жәйі әркімге белгілі. Ал адамның көбі сол хайуан есті болмаса да, толық зерек, терең ойлы ақыл адамнан шығады. Бірақ сол адам табиғаттан артық шебер емес. Жан туралы тағы да бір ой бар: Ол суға топырақ қосылып кеткеніндей жан бар, яғни жан жандарға қосылып та кетеді. Бұл әбден бірігіп алған сияқтанғанымен, бұл жан өзге жандардан айырылып шыға алады деседі. Мен мұны шала ойлаған деймін. Себебі жанның барлығына жаннан шыққан ерік, талап, ой, мақсат, сезім, білім арқылы көзім жетсе де, оның денелеріне қосылып кетуіне ешбір дәлел жоқ. Өйткені ол дене денеше қосылмаса керек. Қосылады десек те оның бөлінуі оңай. Мәселен, жаратушы соқыр, сезімсіз табиғат болсын, мейлі біліп жаратушы тәңірі болсын, қайсысы жаратса да, жаралыс жолында (заңында) денелер бір-біріне қосылып, неше түрлі түрге түсіп, олары қайта шешіліп, негіздерін біліп, онан неше түрлі терді шығарып отырған жоқ. Жаратушы түгіл өзі соқыр табиғатта жаралған адам жаралған нәрселердің ең керекті қасиетін, “тұрпатын” бөліп алып, керегіне жаратып отырған жоқ па?

Шақпақ темір мен шақпақ тастың оттан шыққанын, оттан бастап электр, радио қуаттарын ойласаңыз жөн. Сол сияқты су әншейін қарағанда бір-ақ нәрсе болып көрінеді ой. Оның қаншасы водород, кислород екенін біліп (судың екі есесі водород, бір есесі кислород), оны айырып, тағы да ауаның 4/5 бөлігі азот, бір бөлегі кислород екенін айырып алып, керекке жаратып, керек болса қайта қосып, суды су, ауаны ауа етіп отырған кім? Егер соқыр табиғат жаратқан болса, ол бастабында әлемді газ қылса, онан соң сұйық, одан соң қатты дене қып, денеден өлшеулі сипатқа келмейтін нәрселерді шығарып отырған кім? Мейлі ол соқыр табиғат болсын, мейлі біліп жаратушы болсын, мынаны қылмайды деп ақыл айта алады. Менің ойымша, жанның жоғарыда айтылған қасиеттерінің бірде-бірі дене істеріне, дене қасиеттеріне, біріне-бірі ұқсамайтындығына қарағанда – дене бір бұзылып, бір түзелмей, онан да жоғарылап, зор қасиетке ие болатындығы байқалады.

Жоғарыдағы Рол Камилдтің, Мадиолог Рендрит, Писмастра Тосторс, профессор Поттил сөздеріндей сөздерді кеш болса да, жете тексермей өте шығу өте жеңілдік болады.

2. ҰЖДАН (совесть) ТУРАЛЫ

Адамдағы нысап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша «ұждан» деген ұғым туады. Мұны орысша «совесть» деп атайды. Осы ұждан деген не? Мұны адам бойына істеп отырған кім? Бұған жауап берушілер оны адамшылық арым соны істеуді ұнатады дейді. Менімше, бұған жауап: ұжданың солай қылғанда ұнатады дегендік болып шығады. Алайда мен сол ұждан қайдан шығып тұр десем, соған жауап жоқ сияқты. Менімше, ұждан – жанның тілегі, негативі, жоғалмайтын нәрсе. Барған сайын жоғарылайтын нәрсе. Сондықтан ол тезірек жоғарылауға себеп керек. Мәселен, таза дене, толық мінез ой істерін керек қылады, соның бір қатты керегі – ұждан. Оны адам осы өмір үшін ғана керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады. Себебі бұл өмір үшін ғана керек болса, не пайдалы, не жаққан үшін керек болады. Мысалы, “атым қалсын, пәленше сондай таза” деу – мені жақсы көрсін дегендік болар. Онан басқа жарық ой жоқ. Себебі, сол ұжданның иесі жан жоқ, соңы өмір жоқ деп отырса, соқыр табиғат, табиғаттың жансыз жаратқан бір машинасы ұжданның ісін қылады, не қылмайды. Тәңір жарылқасын, әумин деуге де қиын. “Жоқ” деудің себебі: ол тәңірің бар деп отырған жоқ, соқыр, саңырау табиғат тәңірі жарылқасынды істетпейді, көрмейді де. Менің бір таңырқайтыным – сол тәңірі жоқ деп отырғандар: “Жасасын пәленше!”, “Жасасын пәленше істер!” – дейтіні несі? Мұнысы бұйрық па, әлде тілек пе? Егер бұйрық болса, кімге бұйырады? Тілек болса, кімнен тілейді? Ойлап көрелік. Менің ойымша, тәңірді айтып жоқ қыламын дегенмен, адам жанының сау ақылы тәңірді мойындатпай қоймайтындығы осыдан. Бірақ баяғы ескі дағдысынан тана алмай жүргендер мұны сезе алмайды. Бұған ұнай алмай жүр. Жоғарыдағы жан жоқ деушілер: “Жан миға біткен бір сипат бөлінетін нәрсе емес” дейді. Бұл сөз жанды таба алмай, тек артын сипалағандық іспетті. Себебі ми электрия қуатын жинайтын батарея сауыттары сияқты жанның тұрағы ғой. Ол бұзылса, электрия қуаты кеткен сияқты, мидан жан да кетеді.

Жан адам өлгеннен соң тағы бір хайуанға кіріп жүреді деушілер бар. Оның дәлелі неде? Солай болған күнде денеден шыққан жан тағы бір бөтен жанды денеге кіре ме? Не жансыз денеге кіре ме? Егер оны жанды денеге кіреді деушілер өз бойындағы жанның бар-жоғын білмей жүргенде, ондай жануарға тағы бір бөтен жанның керегі не? Егер бойдан бөлінген жан жансызға жан болып енеді десек, тіпті өлген адамның жаны әсте жоғалмайтындығы бар емес пе? Ондай жандар әр алуан хайуанға жан болып жүрген жоқ па? Ондай жан қай хайуанға жан болып жүрсе де, ол өзін бастапқы өзімін деп біліп жүрмей ме? Сүйткен жан аяғында әр алуан күйге түсіп, дүние тірлігіндегі ісіне қарай не рахат, не бейнет болады деседі екен.

Ал денелер туралы айтатындардың тағы бір дәлелі – қайта айналыс жолы. Бұл жолды ұстаушылар бұл әлем қайта айналып, о бастағы газ қалпына барып, онан сұйық болып, тағы салқындап, қатайып, қайтадан планета болып қалыптасады деседі. Бұлай болып қайта жаралғанда жер бетінде хайуан, адам, өсімдіктер де қайта пайда болады. Ол кездегі әр нәрсеміз бүгінгі бұл өмірге есте ұқсамайды деседі. Бірақ соншалық ірі өзгерістер кезінде бізден сезіну жоғалғандықтан ешнәрсені сезбейміз дейді. Қараңыз, мұның өзі кәдімгі діндарлардың күтіп жүрген қияметінің дәл өзі емес пе? Осы қайта айналыс жолын дәріптейтіндердің тағы бір дәлелі мынау: Жаратылыс себебі, жолы олар осы барлық (материя) жаратылыс себебімен жаратылып жатыр. Сондықтан оған ие жаратушының не керегі бар деседі. Олай болса, сол соқыр білімсіз біресе тыңдаушы, біресе жұмарлаушы болып отырғанын көрдіңіз бе? Түзелуші талапсыз, мақсатсыз түзеле ала ма? Сезімімізден ерік, мақсат шала ма (осал ма)?

Жан және жаратушы туралы тұқымдастық қуғандардың дәлелі: олар жаратушы мен жан жоқ дейді. Олар мұны дәлел етуден көрі жаратылыс сырын айту керек еді. Ондағы сөзі: барша әлем, адам да, айуан да, әуел баста су хайуаны болған. Ол заманда теңіз жерді орап алғандықтан су хайуаны жерге шығып, содан өзгерген. Сондай-ақ бір-біріне ұқсас хайуандар, адамдар бір-бірінен туып өрбіген, өзгерген деседі.

Бұл пайымдауға байланыстыра отырып алдымен өзімізді айталық. Егер ең түпкі жаратушы болмаса, өсіп-өнгендерді түрліше етіп шығарып жатқан жаралыс екеніне ешбір сау ақыл таласпайды. Бірақ тұқымдастық жолын ұстаушылардың: “Біріне-бірі ұқсағандардың бәрі мынау мынадай туып өзгере береді”, – дерін менің ақылым қабыл алмайды. Дәлелім: бүгінгі жер беті өсімдік, хайуандар өніп-өсуге жарайтын болғанға дейін мұның топырағы, шөбі, басқа да барша заттары әбден араласқан-ды. Сүйткен жерде өнген өсімдік, хайуанаттар себебіне, ретіне, топырақ, су, ауасының мөлшеріне қарай бірі-біріне қалайша ұқсас, я ұқсаңқыраған, тіпті ұқсамаған болып кеткен. Менің бұл сөзімді сынау үшін даладағы сортаңдау жердің балаусасын, саядағы, өзен бойындағы бұтаның бір арадағысының бір-біріне ұқсаңқырағанын, не болмаса ұқсамағанын көріп, солардың су, топырақ, ауа сияқты себебінен тексеріп қараңыз. Егерде Вин мен Майенның сөзі дұрыс болса, бұл өсімдіктер де бірінен-бірі туып өзгерген болады. Менімше, жылқы мен есектен қашыр туса да, екі жылқыдан туған құлын қашыр болып тумайды. Бұл сөзімнің қорытындысы мынау: Тамам барлықтың (материяның) бәрі туыс, ата-анасы бір екені рас. Содан туып, өзгеріп жатқаны да рас. Бірақ ұқсастың бәрі бірінен-бірі туып

өзгерген жоқ. Жаралған себептерінің ыңғайына қарай біріне-бірі ұқсап, не ұқсаңқырап, тіпті ұқсамай да жаралып жатыр. Бұлай деуде адамды маймылдан тудыруға арланып айтқаным жоқ, қайта жаманнан жақсы туғанымызға қуанатыным бар.

Бұл күнде бүкіл Европа мойындап отырған сияқты Дарвин сөзіне қарсы дау айтқаным өзінше ғылыми жастар тексермей тұрып, үстірт қарап, мені сөгер де. Оларға айтарым: өздерің алдымен “Нәсіл туралы”, “Жоғарылау туралы” ілімдерге сын жазған Германия ғалымы Медердоның Германиядағы дарвинизм туралы жазған кітабын оқып алып, онымен Дарвиннің және Медердоның сөзін салыстырып, салмақтап алыңдар. Онан соң мені сынап, сөгулерің қашпас деймін. Осы кітаптың аяқ жағындағы қай қорытындым болса да көбін Европа ғалымдарының сөзінен, оның ішінен өзім құптайтынымды ғана алып отырмын. Өз білгенімше сыңар езу болғаным жоқ деп өзіме-өзім сенемін. Және өз ақылыма ұнағанын жаңа деп қостым да, пәленше-екем айтқаны дұрыс, онымен алысып қайтеміз дегендей, терең ойын құмға көміп кетушіні – өз көзін өзі шұқып шығарушы дер едім.

Жоғарыда спиритизм, магнитизм, телепатия, нахидизм, лунатизм, түс көру сияқтыларда әрбірі әр түрлі жору айтқан. Европа білімділерінің сөзі туралы менің ойым мынау: жан да бар, жын да бар, адамның өз жанының өзіндік қуаты бар деймін. Дәлелім: бірінші, жақтырмаған жан келіп, кейде өзі пәленшенің жаны екенін, тіпті нанымды сөз айтатыны. Екінші, жақтырмаған кісіге бақсылық, дуаналық, нахидизм, жындылық тосын кез болатыны. Үшінші, ұйқыда кезу – лунатизм, магнитизммен біреудің еркін билеу, көрген түстердің қайсы бірінің дәл келуі. Бұл үш түрлі іс – үш бөлек қуаттың ісі болуға лайықты.

Оның бәрін бір ғана қуаттан іздеу – қате деймін. Мен «жан жоқ, өлген соң өмір жоқ» дегенге таң қаламын. Бұлай дейтіндерге мұндай сөзді қандай ой айтқызып отыр екен? Осы кезде жанның барлығына, өлген соң да оның жоғалмайтындығына күндей жарық дәлел табылып отыр. Ал дағдылы ескі әдетке, шатақ діннен шыға алмаған моллаларға нану ақылдың ісі ме? Біреу жанның өлген соң да жоғалмайтынын, қайта бұрынғыдан да жоғарылайтынын ақылмен қабылдасын, енді біреулер жанды адам өлген соң біржолата жоғалады деп танысын дейік. Солай танушының екеуі де өлер. Егер менің сөзім дұрыс болып, өлсе, бұл екеуі не жаймен өледі? Бәрінен де өлген соң жанның тазарып жоғарылайтынын таныған адам өмірден қуанышта болып өтпек. Ал жанның біржола жоғалатындығына нанған адам өкініште болып, өмірден біржола жоғалдым деп өлсе керек. Ал ұжданның жан тілегі екеніне нанған адам өмірде істеген қиянатына қатты өкініп, күйініп, істеген жақсылығына қуанып өтсе керек. Олай нанбай, ұжданды құр ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деп ұғатын кісіге жақсылық пен қиянатшылдықтың көп айырмасы болмаса керек. Оған бүгінгі өмірдің айла-әдісін тапса болғаны. Өлгеннен соңғы жаңа өміріне ондайлар нана алмас.

Ұждан – екі өмірге бірдей керек таяныш. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң, жол тазарта алмайды. Егер кімде-кім жаны өлгеннен кейін де көретін өмірінде тірі болатындығына, ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап әбден істесе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулының бәрін бір бауырдай етіп, екі өмірде де

жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол – осы мұсылман жолы секілді. Кейбір діншілерді қорлыққа түсіретін шатақ дін – жалқаулық. Әйтпесе адамды жаратушы – нақты білімпаз. Адам жаны өлгеннен соң да ұжданды болып, еш нәрседен кемдік көрмейді.

Тіпті бұл – жоғарылау заңының ең зор жәрдемі.

Менің үш анық дегенім – осы.